

6D110200 - «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Абдикадыр Максаттың «Церебральды сал ауруымен ауыратын балаларға қалпына келтіру көмегін ұйымдастыруды жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

№	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін белгілеу керек)	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация қаржыландыратын жоба немесе мақсатты бағдарлама шеңберінде орындалды мемлекеттік бюджет (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету)</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалды (бағдарлама атын көрсету)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертациялық жұмыс ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың церебральды сал диагнозымен балаларды медициналық және әлеуметтік қолдауды жақсарту деп қойылған «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» халыққа жолдауындағы (2019ж.) негізгі міндеттердің бірін орындауды мақсат тұтады.</p> <p>Сонымен қатар «Қазақстан Республикасы мүгедектерді қолдаудың 2025ж. ұлттық жоспары» (2019), ҚР Үкіметінің 12.10.2021ж. №725 қаулысымен бекітілген «Дені сау ұлт" әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді көмек көрсетуді жетілдіруді көздейтін денсаулық сақтау ұлттық жобасы аясында жүзеге асырылды. Айтылғандарға орай, ізденушінің зерттеу тақырыбының бағыты мен өзектілігі мемлекеттік бағдарламалармен сабақтас екендігін көруге болады.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды , ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған .	Абдикадыр Максаттың церебральды сал ауруымен ауыратын балаларға қалпына келтіру көмегін жетілдіруге арналған диссертациялық жұмысы науқастардың медико-әлеуметтік жағдайы, қалпына келтіру көмегінің ұйымдастырылуы және онымен қанағаттану, мүгедек

			балаларды тәрбиелеуші отбасылардың әлеуметтік-гигиеналық сипатын бағалай отырып қоғамдық денсаулық сақтау ғылымына айтарлық үлес қосады. Автормен кешенді қалпына келтіру көмегін іске асыруда зерттеу нәтижелеріне сүйеніп құрастырылған интегративті үлгінің әртүрлі деңгейлердегі нейрореабилитациялық орталықтар үшін ғылыми-тәжірибелік маңызы кеңінен ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) Жоғары; 2) Орташа; 3) төмен; 4) өзі жазған жоқ	Рецензиялауға ұсынылған жұмыс өз бетінше жазу стилі қалыптасқан, диссертациялық жұмыстарды рәсімдеу талаптарына сай орындалған әрі толық аяқталған ғылыми туынды. Ғылыми жұмыстың логикалық құрылымының жүйелі, тұжырымдарының дәлелді, ғылыми теориялық мәліметтерінің негізділігі автордың ғылыми жарияланымдарымен де дәлелденіп, өзі жазу деңгейінің жоғары екендігін растайды.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) Негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Бүгінгі таңда, балалар церебральды сал ауруының жүктілігі қалыпты өткен аналардан да тіркелуі кездеседі. Алайда, балалар церебральды сал ауруы жеткіліксіз салмақпен шала туған сәбилерде, қолайсыз босанулар немесе жарақаттар нәтижесінде орталық жүйке жүйесінің зақымданулары орын алған балаларда жиі диагностикаланады. Балалар церебральды сал ауруының ерекше терапиясы жоқ. Бірқатар авторлардың ойынша, бастапқы сатысындағы науқастар үшін әсерлі әдістер жеткілікті деңгейде әзірленбеген. Республикада мүмкіндігі шектеулі балаларды қалпына келтірумен айналысатын мекемелердің жетіспеуі орын алады, бар орталықтардың материалдық-техникалық базасы әлсіз әрі мамандардың кәсіпқойлық деңгейлері жеткіліксіз. Осыған орай, жұмыс тақырыбының қазіргі кездегі өзектілігі осы ауру түріне қатысты қоғамдық денсаулық сақтау саласында ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу қажеттілігін тудырып, зерттеу мәліметтерінің ғылыми

			<p>тұрғыдан талдануы диссертация өзектілігінің негізделгенін көрсетеді.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	<p>Диссертация мазмұны оның тақырыбын айқындайды және зерттеу мәселесін шешу ұсыныстарын толық ашады. Яғни диссертация мазмұны зерттеудің мақсатына қол жеткізудегі міндеттерін шешуді қамти отырып тұжырымдалатыны ғылыми жұмыстың тақырыбымен анықталады.</p> <p>Жұмыстың ғылыми жаңалығы, тәжірибелік маңыздылығы, зерттеу нәтижелерін қорыта келе қорғауға ұсынылған қағидалар зерттеу методологиясын нақты жүргізуде қол жеткізген нәтижелер. Диссертация бөлімдерінің өзара байланыстылығы жұмыс мазмұнының диссертация тақырыбына толық сәйкестігін білдіреді</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Докторантпен нақты әрі дәл құрастырылған зерттеу мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Церебральды сал ауруымен ауыратын балалардың медико-әлеуметтік статусын, клинико-диагностикалық сипаты мен өмір сүру сапасын зерттей отырып, қалпына келтіру көмегін ұйымдастыруды жетілдіру мүмкіндіктерін өңдеу болып анықталған ғылыми жұмыс мақсатына жету жолында, сәйкесінше, церебральды сал ауруымен науқас балалардың медико-әлеуметтік статусы, клинико-диагностикалық сипаты, этиопатогенездік факторларға тәуелділігін анықтап, тәрбиелеуші отбасылардың әлеуметтік-гигиеналық сипаты, мүгедек және сау балалардың өмір сүру сапасы салыстырмалы бағаланып, зерттеу нысаны ретінде анықталған медициналық орталық жағдайында қалпына келтіру көмегінің тиімділігін арттыратын кешенді реабилитацияның көмек ұйымдастырылу үлгісін ұсыну міндеттерін шешу зерттеу жұмысының тақырыбымен қатаң өзара байланыста орындалған.</p>

		<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) байланыс жартылай; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері, оларды құрылымдайтын бөлімшелері мен қорытылатын тұжырымдары толығымен логикалық өзара байланысқан. Әрбір зерттеу сатыларының орындалу барысында алынатын нәтижелер алдыңғы сатысымен логикалық түрде байланысып қажетті мәліметтермен толықтырады. Зерттеу жұмысының бөлімдері әрқайсысы үшін белгіленген міндеттерді шешуде өзара үйлесімділік сақтап, бөлімнен бөлімге бірізділікпен баяндалып, қорытындысында логикалық біртұтас, шынайы ғылыми деректерге негізделген әрі толық аяқталған ғылыми туындыны құраған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) ішінара талдау; 3) талдау өз пікірі емес, басқа авторлардың дәйексөздері</p>	<p>Жеткілікті көлемде тақырыпқа сай ғылыми әдебиеттерді жан-жақты зерттеп талдау, заманауи зерттеу әдістер кешенін және мәліметтерді талдаудың нәтижелер дұрыстығын арттыру үшін қажетті көлемін пайдалану ізденушінің ұсынған жаңа ғылыми шешімдерінің аргументтелген екендігін көрсетеді.</p> <p>Церебральды сал ауруымен ауыратын балаларға қалпына келтіру көмегін ұйымдастыруды жетілдіруге бағытталған зерттеудің қағидаттары мен жаңа деректері ғылыми тұрғыдан дәлелденіп, ғылыми-әдеби шолу жасауда және өзіндік зерттеулерде бұрыннан белгілі шешімдермен өзара салыстырылып сыни талдаулар жасауы арқылы бағаланған.</p>
<p>5.</p>	<p>Ғылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (25%-дан аз жаңа)</p>	<p>Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидаттар мен ғылыми нәтижелер толығымен жаңа әрі церебральды сал ауруымен ауыратын балаларға қалпына келтіру көмегін ұйымдастыруды жетілдіру үлгісі мен іске асыру компоненттері авторлық құқықпен қорғалатын объектілердің мемлекеттік тізіліміне енгізу туралы куәлігімен, сонымен қатар, жұмыс нәтижелерін практикалық денсаулық сақтауға енгізу актілерімен негізделеді. Атап өткендей, ізденушінің ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа бола отырып қоғамдық</p>

			денсаулық сақтауға жаңашыл шешімдерін ұсынған жұмыс деп бағаланады.
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (25%-дан аз жаңа)</p>	<p>Зерттеу жұмысының нәтижесінде алынған қорытындылары зерттеу тақырыбына қатысты жаңа әрі толығымен зерттеудің мақсат, міндеттеріне сәйкес тұжырымдалған. Сонымен қатар церебральды сал ауруымен ауыратын балаларға қалпына келтіру көмегін жетілдіруге жаңа бір ғылыми үлес қоса отырып алынған қорытындылар ғылыми дәрежедегі жаңалығымен айқындалады.</p> <p>Церебральды сал ауруымен балаларға қатысты респонденттер топтарын медико-социологиялық зерттеу нәтижелерін талдау және статистикалық өңдеу, қалпына келтіру көмегінің ұйымдастырылуын талдау, жетілдіру жолдарын айқындау бойынша жасалған ғылыми негізделген теориялық және практикалық тұжырымдау қорытындылары зерттеу мақсаты мен міндеттерін толығымен іске асырған жаңашыл ғылыми жұмыс екендігін дәлелдейді.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (25%-дан аз жаңа)</p>	<p>Диссертант ұсынған технологиялық басқару шешімдері негізделген әрі жаңа болып табылады. Түзету-дамыту мақсатындағы қалпына келтіру көмегін ұйымдастыруды жетілдірудегі анықтаушы болып табылатын ерте диагностикалау, реабилитациялық көмекті кешенді үйлестіру; потенциалды даму аймақтарын ескере отырып ерте жасынан жүйелі түрде дифференциалды принциппен ұйымдастыру және мамандардың интегративті әрекет етуін қолдауды техникалық іске асыратын «Церебральды сал ауруымен балаларға кешенді түзету-дамыту көмек көрсету жүйесінің үлгісі» нейрореабилитациялық профильді мекемелердің практикалық жұмысында пайдаланылуға ұсынылып, жұмыстың технологиялық, экономикалық жағынан басқару шешімдерінің толығымен жаңа екенін растайды.</p>

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген /негізделмеген немесе жеткілікті түрде негізделген (qualitative research және өнер және гуманитарлық курстар үшін)	<p>Алынған нәтижелердің дұрыстығы талданған мәліметтердің қажетті көлемімен, тандалған зерттеу әдістерімен және статистикалық өңдеулермен негізделген. Барлық негізгі қорытынды тұжырымдар жоғары сапалы зерттеу мен жүйелі шолулар жасауға мүмкіндік беретін әдеби көздерден тұратын ғылыми тұрғыда ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Зерттеу жұмысының мазмұны мен құрылымына сәйкес алынған ғылыми нәтижелері мен қорытындылары, ғылыми деректерді пайдалану тәртібі, жұмыстың көлемі, техникалық талаптарға сәйкестігі (PhD) докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарды қанғаттандырады.</p> <p>Барлық қорытындылар автордың жұмысы арқылы алынған зерттеу нәтижелерін талдаудан тұрады және зерттеу міндеттеріне сәйкес тұжырымдалады.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденген; 2) жеткілікті дәлелденген; 3) жеткілікті дәлелденбеген; 4) дәлелденбеген</p> <p>7.2 Тривиальды ма? 1) иә; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) иә; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7,5 Мақалада дәлелденді ме?</p>	<p>Диссертациялық жұмыстағы қорғауға ұсынылатын негізгі қағидаттар жаңа әрі дәлелденген, сонымен қатар денсаулық сақтауда практикалық қолдану мүмкіндігіне ие. Абдикадыр Мақсаттың диссертациялық жұмысының негізгі қағидаттары автормен жарияланымдарда: Scopus мәліметтер базасында; Білім және ғылым сферасында бақылау комитеті ұсынған ғылыми баспаларда; халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардағы мақалаларымен, сондай-ақ қорғалатын объектілерге авторлық куәліктерімен ғылыми дәлелденген; тривиальды емес; практикалық тұрғыдан қолданыс аясы кең әрі жаңашыл. Авторлық мақалалармен зерттеудің мәселелері толық қамтылып, жан-жақты зерттеу нәтижесінде алынған қағидаттар дәлелденген.</p>

		1) иә; 2) жоқ	
8.	Дәйектілік принципі Дерек көздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) иә; 2) жоқ	<p>Диссертацияда зерттеу әдістерінің кешенін әрі зерттеу нәтижелерін дәлелді статистикалық әдістермен үйлестіру схемасын таңдау және алынған нәтижелерді графикалық бейнелеу талданатын мәліметтедің типтеріне байланысты. Зерттеу методологиясын таңдау жеткілікті дәрежеде сипатталып негізделген. Алынған нәтижелердің дұрыстығы зерттеу материалының жеткілікті көлемінен дәлелді. Сонымен қатар, зерттеу әдіснамасы және орындау сатылары негізделген әрі бірізділікпен баяндалған. Зерттеу дизайнында зерттеу әдістерін жүргізудің әр түрлерін үйлестіру диссертациялық жұмыстың негізгі міндеттерін оптимальді шешу мүмкіндіктерін берді.</p> <p>Зерттеу жұмыстарын жүргізуді жоспарлау және іске асыру жергілікті этикалық комитеттің оң пікірімен мақұлданған.</p>
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеудің қазіргі заманғы заманауи әдістері мен және деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістерін пайдалана отырып алынған: 1) иә; 2) жоқ	<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері классикалық статистикалық сипаттау әдістері арқылы талданды. Біріншілік зерттеу мәліметтерін талдау салыстырмалы ақпараттық-аналитикалық, статистикалық әдістердің көмегімен жүргізіліп, докторантқа қорытынды тұжырымдары мен тәжірибелік ұсыныстарын өңдеуге мүмкіндік берді. Нәтижелерді статистикалық өңдеу SPSS Windows арналған 20.0 версиясымен (Statistical Package for the Social Sciences) бағдарламалардың статистикалық пакеті көмегімен жүргізілді. Сонымен, диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдана отырып заманауи зерттеу әдістерімен нәтижелерді өңдеу және интерпретациялау арқылы берілген жұмыстың мазмұнын толықтыра түскен.</p>
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар	<p>Диссертациялық жұмыстың негізгі қорытындылары мәліметтердің баяндалу бірізділігімен сипатталып және анықталған заңдылықтармен, зерттеу жұмысының ғылыми</p>

		эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдардың оқыту бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) иә; 2) жоқ	нәтижелерімен негізделеді. Жұмыстағы қорытындылар мен анықталған өзара байланыстар ізденушінің өзіндік зерттеулерімен дәлелденген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Диссертациялық жұмысты жазуда пайдаланылған мәлімдемелердің көпшілігі өзекті ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертация тақырыбына сәйкес библиография бөлімі талаптарға сай құрастырылған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз	Диссертацияны жазу барысында 170-тен астам әдеби көздер пайдаланылып, зерттеу мақсатына сәйкес талдаулары адалдық кодексіне сәйкес сілтемелер келтірумен құрастырылған. Әдеби шолуда соңғы жылдардағы әдебиеттерді қамту көлемі зерттеу жұмысы үшін жеткілікті болып табылады.
9.	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) иә; 2) жоқ	Зерттеу жұмысының теориялық маңыздылығы зерттеу нәтижелерінің медициналық жоғарғы оқу орындары мен жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беруде тақырыптық оқыту, сонымен қатар балаларға медициналық және нейрореабилитациялық көмек көрсету мекемелерінде жүйке жүйесінің патологиясымен айналысатын мамандар мен педиатрлардың біліктілігін арттыру үшін жұмыс бағдарламаларын құрастыруға негіз бола алуында.
		9.2 Диссертацияның тәжірибелік маңызы бар және алынған нәтижелерді тәжірибеде қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) иә; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың тәжірибелік маңызы қазіргі қоғамдағы церебральды сал ауруымен науқас балалардың медико-әлеуметтік статусын: демографиялық сипатын, патогенездегі этиологиялық факторларды, клинико-диагностикалық сипатын анықтаудың денсаулық сақтаудың құзыретті ұйымдарының практикалық жұмысында кәсіби шешімдер қабылдауда негіз бола алуында. Сонымен қатар кешенді қалпына келтіру көмегін

			<p>іске асыратын интегративті үлгі түрлі деңгейдегі профильді нейрореабилитациялық орталықтар мен бөлімдердің жұмысы үшін тәжірибелік маңызды.</p> <p>Зерттеу нәтижесінде анықталған қауіп факторлары босану жасындағы әйелдер және нәрестелерге көмек көрсететін медициналық ұйымдарда балалардағы церебральды сал ауруының дамуын болжау мен алдын-алуда маңызды. Диссертациялық зерттеу барысында арнайы құрастырылған сауалнаманы церебральды сал ауруымен балалар мен оларды тәрбиелеуші отбасылардың әлеуметтік-гигиеналық сипатын, медико-әлеуметтік көмекпен қамтамасыз етілуін, осы отбасыларында шешілуі тиіс мәселелер мен мұқтаждарды анықтауда қолдануға болады.</p>
		<p>9.3 Тәжірибе бойынша ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (25%-дан аз жаңа)</p>	<p>Автормен құрастырылып ұсынылған церебральды сал ауруымен ауыратын балаларға қалпына келтіру көмегін жетілдіруге қатысты тәжірибелік ұсыныстар толығымен жаңа әрі тәжірибеде сыналып негізделген.</p>
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Диссертациялық жұмыс жоғары академиялық сауаттылықпен қазақ тілінде жазылған. Ресми тілде баяндалған мәтін біртұтастық сақтай отырып дұрыс құрылымдалған, бөлімдер мазмұнына қарай логикалық ретті орналасқан. Жазу стилі ғылыми әрі түсінікті; ғылыми этикетке жүгіне отырып, жұмысты ғылыми-техникалық талаптарға сай рәсімдеген. Бұл академиялық жазу сапасының жоғары екендігін көрсетеді.</p> <p>Рецензиялау барысында принципіальді кемшіліктер болған жоқ. Бірқатар сұрақтар мен ұсыныстар талқыланып ескерілді:</p> <p>1. Зерттеудің өзектілігі бойынша «2020 жылға арналған статистикалық мәліметтерде ҚР бойынша 80 мың бала мүгедектікпен тіркеуде тұр. Церебральды сал ауруымен 19 мың бала оңалтуды қажет етеді. Басқаша айтқанда, 626,7</p>

			<p>мың мүгедектің 11% - балалар» делінген. Осы тұста, келтірілген мәліметтерге сәйкес мүмкіндігі шектеулі балалар үлесі -12,5% жоғары болуы тиіс. 80 мың мүгедек баланың 19 мыңы ғана оңалтуды қажет ететінін қалай түсіндіріп өткен жөн.</p> <p>2. Төртінші бөлімде мүмкіндігі шектеулі балалар мен дені сау балалардың өмір сүру сапасын салыстырмалы бағалау көрсетілген. ДДҰ денсаулық анықтамасына сәйкес, сіздің жағдайыңызда, бұл «аксиоманың» дәлелі. Церебральды сал ауруымен балалардың өмір сүру сапасы, кез-келген жағдайда, дені сау балалардан жоғары болуы мүмкін емес. Мысалы, ӨС оңалту шаралары өткен/өтпегентоптарда немесе церебральды сал ауруының әртүрлі ауырлық дәрежесі бар пациенттер арасында салыстыру қисынды болар еді.</p> <p>3. Қорғауға ұсынылатын ережелердің біріншісінде, церебральды сал ауруымен балалардың туылуы жүктілік ретіне тәуелсіз деп көрсетілген. Дегенмен, зерттеу нәтижелерінде әйелдердің жасырақ топтарында, негізінен 1-ші және 2-ші жүктілікте жиірек тіркелгені көрсетіледі.</p> <p>4. Науқастарды церебральды сал ауруының түрлері бойынша бөлуде аурудың клиникалық жіктелуінің түрі (Семенова К.А., ХАЖ-10 және т.б.) көрсетілмеген. Сондай-ақ жеткілікті таралған гемипаретикалық топ кездеспейді (балалар гемиплегиясы - G80.2) -32%, ол таралу деңгейі бойынша спастикалық диплегиядан кейін екінші орында (G80.1) -40%. Дегенмен, сіздің зерттеуіңізде барлық басқа сирек түрлері бар балалар бар: қос гемиплегия -2%, гиперкинетикалық -10%, атоникалық-астатикалық -15%. Осы топтағы науқастар медициналық орталық арқылы өтпегенін түсіндіріп өткен жөн.</p> <p>5. Науқастардың неврологиялық жағдайын сипаттағанда, басын ұстай алмау, еңбектей алмай, отыра алмау тәрізді</p>
--	--	--	---

			<p>ата-аналардың шағымдарына тән терминдер кездеседі. Әлемдік ғылыми медициналық қоғамдастықтың аурудың ауырлығын бағалаудың жалпы қабылданған стандартына сәйкес диагностикалық шкалалар мен тесттер (Булекбаева Ш.А., Лисовский Е.В. «Нейрореабилитациядағы диагностикалық шкалалар мен тесттер». Дәрігерлерге арналған нұсқаулық, 2015) қолданылды ма? Орайлысы, науқастарды церебральды сал ауруының функционалдық классификациясы GMFCS (Gross Motor Function Classification System), яғни күнделікті өмірде моторлы функциясының 5 деңгейіне сәйкес, қозғалыс дағдыларының даму дәрежесін және шектеулерін ескере топтастыру. Жалпы моторлық функциялардың жіктелуінен басқа балмен бағалау жүйесін, мысалы: бұлшықет тонусы (Ашворт шкаласы, Тардье); күш (Medical Research Council Weakness Scale шкаласы т.б.); тепе-теңдік, жүріс (Хаузер жүру индексі, жүрудің функционалдық категориясының тесті); гиперкинетикалық синдромның ауырлығы (Жиль де ля Туретта синдромының шкаласы т.б.); бульбарлық бұзылулар (бульбарлық бұзылулар шкаласы, аспирацияны бағалау шкаласы және т.б.); қолдардың функциялары (MACS шкаласы - қолмен қабілеттілік классификациясы жүйесі); үй шаруашылығының белсенділігі мен тіршілік әрекетінің деңгейі (Бартель шкаласы, функционалдық дербестік шкаласы және т.б.); жүйке-психикалық даму; ал нейрореабилитациялық шаралардың тиімділігін бағалауда гониометрия; оңалту потенциалының дәрежесін (жоғары, орташа, төмен) анықтау орынды екені сөзсіз.</p> <p>Алайда келтірілген кемшіліктер орындалған зерттеу құндылығын төмендетпейді әрі ғылыми жұмысты оң бағалауға кедергі емес.</p>
--	--	--	---

			<p>Сонымен, Максат Абдыкадырдың 6D110200 - «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша «Церебральды сал ауруымен ауыратын балаларға қалпына келтіру көмегін ұйымдастыруды жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы толық аяқталған, ғылыми сапасы жоғары жұмыс болып бағаланады. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Ғылыми дәрежелерді беру ережелерінің» талаптарына сәйкес, ал авторы болса 6D110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.</p>
--	--	--	--

Ресми рецензент:

AlmaU Алматы менеджмент университетінің
денсаулық ғылымдары мектебінің
профессоры, медицина ғылымының докторы



Арингазина Алтын Муафиқовна

Қолды растаймын

Подпись заверяю
Қол қойғанын растаймын

«____» _____ 20__

